

ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ №02

Өткізілген күні: 11 наурыз, 2026 жыл

Өткізілген орны: Музей-қорықтың мәжіліс залы

Төрағалық етуші: Музей-қорық директоры Жандосов Айбек Кыстаубаевич

Қатысқандар: «Amanat» партиясының өкілдері, заңгер А.Білімқызы және музей қызметкерлері.

Күн тәртібі:

1. «Референдум – азаматтардың конституциялық құқығын жүзеге асыру тетігі» тақырыбында түсіндіру және талқылау жұмыстары.

I. ТЫҢДАЛДЫ:

1. Кәсіпорын басшысы Жандосов А.К. :

Жиынды ашып, референдумның ел өміріндегі маңызды стратегиялық қадам екенін атап өтті. Ол өз сөзінде:

«Біздің мекеме ұжымы тек мәдени мұраны сақтаушы ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласатын азаматтық қоғамның мүшесі. Референдум – бұл әрбір азаматтың ел болашағына тікелей ықпал етуіне берілген конституциялық мүмкіндік. Сондықтан әрқайсысыңыздың бұл процеске бейжай қарамауларыңыз маңызды», – деп, ұжымды белсенділікке шақырды.

2. «Amanat» партиясының өкілдері:

Референдумның саяси мәніне тоқталып, мемлекеттік басқару жүйесіндегі өзгерістер мен халық үніне құлақ түретін мемлекет тұжырымдамасының жүзеге асуы туралы баяндады.

3. Музей-қорықтың заңгері – Арайлым Білімқызы:


«Референдум – азаматтардың конституциялық құқығын жүзеге асыру тетігі» тақырыбында баяндама жасады. Ол референдумның заңнамалық базасына, азаматтардың құқықтық кепілдіктеріне және дауыс берудің құқықтық салдарына тоқталды.

II. ПІКІР АЛМАСУ:

Жиын соңында қатысушылар референдумның техникалық тұстары мен дауыс беру тәртібі туралы сұрақтар қойды. Төраға мен шақырылған қонақтар тарапынан барлық сұрақтарға тұщымды жауаптар берілді. Кәсіпорын басшысы талқылауды қорытындылай келе, ұжымның бірлігі мен саяси сауаттылығының маңыздылығын тағы бір мәрте ескертті.

III. ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Төрағаның және баяндамашылардың ақпараттары негізге алынсын.
2. Музей-қорық ұжымы арасында референдумға қатысудың маңыздылығы бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
3. Мекеме қызметкерлері алдағы референдум күні өздерінің конституциялық құқықтарын пайдаланып, толық құрамда қатысуды қамтамасыз етсін.

Жиналыс төрағасы:  Жандосов А.К.

Хатшы:  Әметбекова А.Б.